

## 67-МҮЛК СҮРЕСІ


Меккеде түскен. Отыз аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Сондай бүкіл әкімшілік қолында болған Алла, аса ұлы әрі Ол, әр нәрсеге күші толық жетуші. (1) Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін өліммен тіршілікті жаратқан. Ол, тым үстем, аса жарылқаушы. (2) Ол сондай Алла, жеті аспанды қабат-қабат жаратқан. Рахманның жаратуында еш мүлтік көре алмайсың. Қайта көз сал. Ешбір ақау көре аласың ба? (3) Тағы көзіңді екі қайтарып қара. Көзің саған шаршап, талған түрде айналады. (50-С. 6-А.) (4) Расында Біз дүние аспанын шамдар (жұлдыздар) мен безедік. Оны шайтандарды атуға жасадық. Сондай-ақ оларға жалындаған азап әзірледік. (15-С. 16-18-А., 37-С. 6-10-А.) (5) Сондай Раббыларына қарсы келгендер үшін тозақ азабы бар. Нендей жаман орын. (6) Ішіне тасталған сәтте, оның қайнап, күжілдеген дауысын естиді. (7) Долданғандығынан жарылып кете жаздайды. Қашан оған бір топ (қылмысты) тасталса, оларға оның сақшылары: "Сендерге ескертуші келмеді ме?,"- деп, сұрайды. (8)



Олар: "Расында бізге ескертуші келді. Сонда оларды жасынға айналдырдық та Алла сендерге еш нәрсе түсірмеген. Сендер зор адасудасындар деп едік" дейді. (9) "Егер біз тыңдаған немесе ақылға салған болсақ еді, бұл жалындаған тозақтықтардың ішінде болмас едік" дейді. (10) Сөйтіп, олар күнәларын мойындайды. Ендеше, жалындаған тозақтықтар оңбасын! (11) Дұрысында сондай Раббыларынан көрмей-ақ қорыққандар, олар үшін жарылқау әрі зор сыйлық бар. (12)



Сөздеріңді жасырсаңдар немесе әшкерелесеңдер де шәксіз Алла, көңілдегіні толық біледі. (13) Жаратқан білмей ме? Ол тым жұмсақ, әр нәрсені толық білуші. (14) Ол сондай Алла, сендер үшін жерді көнпіс қылып жаратты. Ендеше оның айналасында жүріңдер. Сондай-ақ Оның ризығынан жеңдер. Және барар жерлерің Сол жақ. (15) Жер теңселген сәтте аспандағының сендерді жерге жұттыруынан бейбітсіңдер ме? (16) Немесе

көктегінің сендерге тас жаудыруынан қауіпсізсіңдер ме? Ескертуімнің қалай екенін таяуда білесіңдер (17) Расында олардан бұрынғылар да жасынға айналдырған еді. Маған қарсы келу қалай екен? (18) Үстеріндегі қанаттарын жайып, қомдап ұшқан құсты көрмей ме? Оларды Алла ғана тоқтатады. Сөзсіз Ол, әр нәрсені толық көруші. (19) Сендердің Алладан өзге көмек беретін жасақтарың кім? Кәпірлер алдануда ғана. (20) Алла ризығын тоқтатса, сендерді көректендіретін кім? Әрине олар тоң мойындықта, жиреніп қасарысуда. (21) Етпеттеп жүрген біреу турарақ ба? Даңғыл жолда тік жүрген біреу турарақ па? (22) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Ол сондай Алла, сендер үшін есту, көру және сезу жаратқан. Сонда да аз шүкір етесіңдер" де. (23) Оларға: "Ол сондай Алла, сендерді жер жүзіне таратқан және Сол жаққа жиналасыңдар" де. (24) Олар: "Егер айтқандарың рас болса, осы уәде қашан?,- дейді. (25) (Мұхаммед Ғ.С.) оларға: "Шын мәнінде оның мәліметі Аллаға тән. Мен ашық ескертуші ғанамын" де. (26)


Олар оны жақыннан көрген сәтте, қарсы болғандардың жүздері бұзылып кетеді. Оларға: "Міне осы сендердің тілегендерің" делінеді. (27) (Мұхаммед F.C.) оларға: "Көрдіндер ме? Егер Алла, мені әрі менімен бірге болғандарды жоқ етсе, немесе мәрхамет етсе, сонда кәпірлерді кім күйзелтуші азаптан құтқарады?,-" де. (28) Оларға: "Ол Алла, аса қамқор. Оған иман келтірдік әрі Оған тәуекел қылдық. Кімнің ашық адасуда екенін таяуда білесіңдер" де (29) Оларға: "Көрдіндер ме? Егер суларың құрып кетсе, сендерге, бір аққан суды кім келтіреді?,-" де. (30)

### 68-ҚАЛАМ СҮРЕСІ

Меккеде түскен. Елу екі аят.

Аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын.

Нүн: (Ұғымын Алла біледі.) Қалам әрі оның жазған нәрселеріне серт. (1) (Мұхаммед F.C.) Сен Раббыңның мәрхаметінде жынды емессің. (2) Сөзсіз сен үшін таусылмайтын бір сыйлық бар. (3) Шын мәнінде сен әлбетте ұлы мінезге иесің. (4) Енді таяуда сен де көресің, олар да көреді. (5) Жындылық қайсыларыңда екен? (6) Күдіксіз Раббың кімнің жолынан адасқанын жақсы біледі. Және тура жолдағыны да біледі. (7) Ендеше, өтірікшілерге бой ұсынба.



(8) Егер сен босасаң сонда олардың да босағылары келеді. (Оларды бұттардан тыймасаң сонда оларда жұмсайды. Б.М.) (9) (Мұхаммед F.C.) әрбір көп ант ішкен ынжықтарға бой ұсынба; (10) Өте айыптағыш, өсек тасығышқа да, (11) Жақсылыққа тыйым салушы, шектен шығушы күнәкарға да, (12) Сотқар, сондай-ақ тексізге де, (Мұғайяра ұлы Уәлід.) (13) Бұлар малды, балалы болса да. (14) Оған аяттарымыз оқылған сәтте: "Бұрынғылардың ертегісі" деді. (15)